

А. Болат, 3-курс
Ғылыми жетекшісі: А. Қ. Қалиев, қылмыстарды алдын ала тергеу кафедрасының бастығы, заң ғылымдарының кандидаты
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

АЛДЫН АЛА ТЕРГЕУДЕ ӨЗГЕ ДЕ МӘЖБҮРЛЕУ ШАРАСЫНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

1997 жылы Қазақстан Республикасының алғашқы қылмыстық іс жүргізу Заңының қабылдануы, қылмыстық іс жүргізу ғылымының алдына осы салада қарым-қатынастарды реттеуге, әрі жетілдіруге бағытталған көптеген зерттелуге жататын шешілмеген мәселелерді қойды. Оның бірі — қылмыстық іс жүргізуге қатысушылардың өзара үйлесімділігі бар құқықтары мен міндеттері. Қазақстан Республикасы Конституциясының 12-бабы, 3-бөлімі былайша үндейді: «Республиканың азаматы өзінің азаматтығына орай құқықтарға ие болып, міндеттер атқарады». Бұл аталған негізгі норма, өзіне кең көлемді мағынаны қамтып құқықтың барлық салаларында жалпы құқықтық принцип ретінде қолданылады. Осының негізінде, мемлекет әрбір азаматтан қылмыстық іс жүргізу барысында өзіне жүктелген іс жүргізу міндеттерін толық және дұрыс атқаруын талап етеді.

Қылмыстық іс жүргізуде өздерінің іс жүргізулік міндеттерін орындамаған немесе дұрыс орындамаған іс жүргізуге қатысушыларға іс жүргізулік жауапкершілік ретінде оларға ақшалай жаза қолданылатындығы мәлім.

Ақшалай жазаны тағайындау ҚР ҚІЖК-ң 145, 147, 156, 160, 327, 559, 403 бб. нормаларымен реттеледі. Берілген қылмыстық іс жүргізудің мәжбүрлеу шарасына арнайы арналған ҚР ҚІЖК-ң 160 б. «Ақша өндіріп алу» мынадай көріністе тұжырымдалған:

«Осы кодекстің 75, 82, 84, 85, 86, 145, 147-баптарында көзделген жағдайларда іс жүргізу міндеттерін орындамағаны және сот отырысында тәртіпті бұзғаны үшін жәбірленушіден, куәдан, маманнан, аудармашыдан және өзге де адамдардан ақша өндіріліп алынуы мүмкін. Ақша өндіріп алу туралы мәселе әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдарға сәйкес шешіледі».

ҚР ҚІЖК-ң 156-бабы 2-бөлімінде де ақшалай жазаға тартылуы мүмкін іс жүргізуге қатысушылар тобын анықтауда негізгі нормаларының бірі болып табылады. Ол, ҚР ҚІЖК-де мынадай көріністе тұжырымдалған:

«Осы Кодексте көзделген жағдайларда қылмыстық процесті жүргізуші орган жәбірленушіге, куәға және басқа да іске қатысушы адамдарға іс жүргізушілік мәжбүрлеу шараларын:

- 1) келуі туралы міндеттеме;
- 2) алып келу;
- 3) ақшалай жазаны қолдануға құқылы».

Автордың байқауынша, аталмыш шара ҚР ҚІЖК 160-бапта «ақша өндіріп алу», ал 156-бабының 2-бөлігінде «ақшалай жаза» делінген. Заңнама екі бапта да бір шараны тұспалдап отырғандығы анық, алайда, қисын ережесіне сәйкес бұл екі ұғым мағынасы жағынан бір-бірімен үйлеспейтіндігі көрінеді. Заңда мұндай сәйкессіздіктің орын алуы тәжірибелік қызметте ақшалай жаза шарасының қолдану аясын дұрыс түсінбеуінің негізгі себептерінің бірі болып табылады.

Мәселен, Қызылорда қалалық ІІБ-ң сұрау жүргізілген тергеушілері мен анықтаушыларың 62,4 пайызы ақшалай жаза шарасының мүлдем бар екендігінен хабарсыз, ал, 37,6 пайызы ақшалай жаза шарасының қолдану тәртібін білмейтіндігін көрсетті.

Аталғандардың негізінде, ҚР ҚІЖК 160-бабының атауын 156-бабы 2-бөлігінде көрсетілген нормаға сәйкес «ақшалай жаза» ұғымына өзгерту қажеттілігі туралы ұсыныс

айтамыз. Өйткені, ол қарастырылып отырған шараның тағайындалуының шынайы мәні мен маңызын ашады. Сонымен қатар заңнамадағы аталған екі нормалардың өзара үйлеспешілігін жояды.

Сонымен қатар, біз ақшалай жазаға тартылуы мүмкін тұлғалар тобына қатысты заңгерлердің пікірлеріне талдау жасап, жүргізілетін қандай да болмасын тергеулік әрекеттерге бөгет жасаған немесе кедергі келтірген азаматтар мен лауазымды тұлғаларды да ақшалай жазаға тарту мәселесін заңнамалық реттелуі қажет екендігі туралы пікір айтамыз. Тергеулік әрекеттер әртүрлі болуы мүмкін, мәселен: оқиға болған жерді қарау, алу, тінту, тергеу эксперименті, мәйітті эксгумациялау және т. б.

Осы тергеулік әрекеттерді тәжірибеде жүргізу барысында кедергі келтіретін жағдайларды жоққа шығаруға болмайды. Мәселен, эксгумация жүргізу барысында жерленген адамның туыстарының мәйітті қазып алуға қарсы болуы; оқиға болған жерді қарау үшін үй-жайға кіруге үй иесінің бөгет жасауы немесе ұйым басшысының негізсіз қарсы болуы; затты алу барысында ізделіп жатқан затты жасырып қоюы және т. б.

Біздің пікірімізше, аталған жағдайлардың негізінде «азаматтар мен лауазымды тұлғаларды» ақшалай жаза тағайындалуы мүмкін тұлғалар тобына қосуға толық негіз бар. Бірақ, мұндай іс жүргізудің мәжбүрлеу шарасын қолдануы ҚР ҚІЖК 156-бабы бөлігі нормасымен реттеледі, өйткені, бұл нормада осы Кодексте көзделген жағдайларда ғана ақшалай жазаны қолдануға болатындығы айтылған. Мұндай жағдайлар ҚР ҚІЖК-де барлығы төртеу (145 б. 5 бөл., 147 б. 4бөл., 160 б., 559 б. 5бөл.) және олардың жеткіліксіз екендігін тәжірибе куәландырады.